

Қостанай облысы әкімдігінің
2022 жылғы 4 мамырдағы
№ 192 қаулысымен
бекітілген

**Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Арқалық қаласының
білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі туралы ереже**

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Арқалық қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Білім бөлімі) Қостанай облысы Арқалық қаласының аумағында білім беру саласында басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады және өз қызметінде «Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы» мемлекеттік мекемесіне есеп береді және бақылауында болады.

2. Білім бөлімінің осы Ереженің қосымшасында көрсетілген ведомстволық бағынысты ұйымдары бар.

3. Білім бөлімі өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. Білім бөлімі мемлекеттік мекеме ретінде ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, оның Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген мөрі және атауы мемлекеттік тілде жазылатын мөртабандары, белгіленген үлгідегі бланкілері, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

5. Білім бөлімі азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

6. Білім бөлімінің егер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

7. Білім бөлімі өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіпте басшының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

8. Білім бөлімінің құрылымы мен штат санының лимиті Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес бекітіледі.

9. Мемлекеттік мекеменің орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, 110300, Қостанай облысы, Арқалық қаласы, Абай даңғылы, 29-үй.

10. Осы Ереже Білім бөлімінің құрылтай құжаты болып табылады.

11. Білім бөлімінің қызметін қаржыландыру Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жергілікті бюджеттен жүзеге асырылады.

12. Білім бөліміне кәсіпкерлік субъектілерімен Білім бөлімінің өкілеттіктері болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық катынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер Білім бөліміне заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда алынған кірістер, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше көзделмесе, мемлекеттік бюджеттің кірісіне жіберіледі.

2-тарау. Мемлекеттік органның міндеттері мен өкілеттіктері

13. Мақсаттары:

1) азаматтардың Қазақстан Республикасының Конституциясымен кепілдік берілген білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына сәйкес бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын меңгеруі нәтижесінде білім алу құқығын қамтамасыз ету;

2) Аркалық қаласының аумағында білім беру жүйесінің тиімді жұмыс істеуін және дамуын қамтамасыз ету;

3) жеке адамның шығармашылық, рухани және күш-қуат мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, жеке адам даралығын дамыту үшін жағдайларды жасау арқылы ой-өрісін байыту;

4) балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету.

14. Өкілеттіктері:

1) құқықтары:

тиісті аумақта өз қызметін жүзеге асырудың тиімділігін арттыру мәселелері бойынша басқа мемлекеттік органдармен, мемлекеттік мекемелермен және басқа да ұйымдармен өзара іс-қимыл жасау;

өз құзыреті шегінде белгіленген тәртіпте мемлекеттік органдардан және басқа да ұйымдардан қажетті мәліметтерді, материалдар мен құжаттарды сұрату және алу;

осы Ережеде көрсетілген құқықтарымен қатар, оған Қазақстан Республикасының заңнамасында берілген басқа да құқықтары бар;

2) міндеттері:

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсетудің қолжетімділігі мен сапасын қамтамасыз етеді;

мемлекеттік бағдарламаларға талдау және мониторинг жүргізеді;

Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге міндеттерді жүзеге асырады.

15. Функциялары:

1) Аркалық қаласының аумағында білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асырады;

2) ведомстволық бағынысты мемлекеттік білім беру ұйымдарында кешкі (ауысымдық) оқыту нысанын қоса алғанда, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беруді қамтамасыз етеді;

3) мектеп жасына дейінгі және мектеп жасындағы балаларды есепке алуды, олардың орта білім алғанға дейінгі оқытуды ұйымдастырады;

4) қолданыстағы заңнамаға сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысының қажеттілігін, ата-ана төлемақысының мөлшерін айқындайды;

5) қолданыстағы заңнамаға сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, сондай-ақ ата-ананың төлемақы мөлшерін облыстың білім басқармасы арқылы облыстың жергілікті атқарушы органының бекітуіне енгізеді;

6) облыстың білім басқармасы арқылы орта білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысын облыстың жергілікті атқарушы органының бекітуіне енгізеді;

7) қолданыстағы заңнамаға сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыруды қамтамасыз етеді;

8) мемлекеттік білім беру ұйымдарында орта білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыруды қамтамасыз етеді;

9) тірек мектептердің (ресурстық орталықтардың) жұмыс істеуін қамтамасыз етеді;

10) балаларға аудандық және облыстық маңызы бар қала деңгейінде жүзеге асырылатын қосымша білім беруді қамтамасыз етеді;

11) оқу-өндірістік комбинаттардың қызметін қамтамасыз етеді;

12) білім алушылардың ұлттық бірыңғай тестілеуге қатысуын ұйымдастыруға жәрдемдеседі;

13) ведомстволық бағынысты мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту мемлекеттік ұйымдарын, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын мемлекеттік ұйымдарды (қылмыстық-атқару жүйесінің түзеу мекемелеріндегі білім беру ұйымдарын қоспағанда) материалдық-техникалық қамтамасыз етуді қамтамасыз етеді;

14) жалпы білім беретін пәндер бойынша облыстық мектеп олимпиадаларын және ғылыми жобалар конкурстарын, балаларға арналған орындаушылар конкурстары мен кәсіби шеберлік конкурстарын ұйымдастыруды және өткізуді қамтамасыз етеді;

15) мемлекеттік білім беру ұйымдарының мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан, сондай-ақ мемлекеттік атаулы

әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына шаққандағы табысы ең төмен күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасылардан шыққан білім алушылары мен тәрбиеленушілеріне және жетім балаларға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалып, отбасыларда тұратын балаларға, төтенше жағдайлардың салдарынан шұғыл жәрдемді қажет ететін отбасылардан шыққан балаларға және мемлекеттік білім беру ұйымының алқалы басқару органы айқындайтын, білім алушылар мен тәрбиеленушілердің өзге де санаттарына жалпы білім беретін мектептерді ағымдағы күтіп-ұстауға және шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорындарда орта білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыруға бөлінетін бюджет қаражатының жиынтық көлемінің кемінде екі пайызы мөлшерінде қаржылай және материалдық көмек көрсетуге қаражат жұмсайды;

16) Білім бөлімінің әдістемелік кабинетінің материалдық-техникалық базасын қамтамасыз етеді;

17) қолданыстағы заңнамаға сәйкес ведомстволық білім беру ұйымдарының педагогтері мен басшыларын аттестаттауды ұйымдастырады;

18) бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылатын ведомстволық мемлекеттік білім беру ұйымдарының кадрларын қайта даярлау және қызметкерлердің біліктілігін арттыру жөніндегі жоспарды қалыптастырады;

19) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте ведомстволық бағынысты мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының, орта білім беру ұйымдарының оқушылары мен тәрбиеленушілеріне медициналық қызмет көрсетуді ұйымдастырады;

20) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды қамтамасыз етеді;

21) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіпте білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарын тегін және жеңілдікпен тамақтандыруды ұйымдастырады;

22) тиісті кентте, ауылда, ауылдық округте мектеп болмаған жағдайда білім алушыларды жақын жердегі мектепке дейін тегін алып баруды және одан алып қайтуды ұйымдастырады;

23) ведомстволық бағынысты мемлекеттік білім беру ұйымдарын кадрлармен қамтамасыз етуді жүзеге асырады;

24) ведомстволық бағынысты білім беру ұйымдарының психологиялық қызметінің жұмысын үйлестіруді қамтамасыз етеді;

25) негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарында экстернат нысанында оқытуға рұқсат береді;

26) қамқоршылық кеңестерге жәрдем көрсетеді;

27) білім беру саласында мемлекеттік қызметтер көрсетеді;

28) жетім балаларды, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды белгіленген тәртіпте мемлекеттік қамтамасыз етуді жүзеге асырады;

29) мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарына, отбасыларына қажетті әдістемелік және консультациялық көмек көрсетеді;

30) білім беру ұйымдарында ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар адамдардың (балалардың) білім алуы үшін арнайы жағдайлар жасайды;

31) білім беру ұйымдары қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеу жүйесі жөніндегі мәселелерді үйлестіреді;

32) білім басқармасына Білім бөлімінің құрылымын бекітуге енгізеді;

33) қажеттілікті негізге ала отырып, ведомстволық бағынысты мемлекеттік білім беру ұйымдарының тарификациялық тізімдерін, штат кестесін, жұмыс оқу жоспарларын (мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру, қосымша білім беру), сондай-ақ орта білім беру ұйымдарының сынып-жиынтықтарының санын келіседі;

34) осы Ережемен жүктелген функцияларды іске асыруды қамтамасыз ету үшін бюджеттік өтінімді сапалы жасауды және облыстың білім басқармасына ұсынуды қамтамасыз етеді және жауапты болады;

35) білім беру саласындағы жергілікті мемлекеттік басқару мүддесінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен жүктелетін өзге де функцияларды жүзеге асырады.

3-тарау. Мемлекеттік органның бірінші басшысының мәртебесі, өкілеттіктері

16. Білім бөлімін басқаруды бірінші басшы жүзеге асырады, ол Білім бөліміне жүктелген міндеттердің орындалуына және өз өкілеттіктерін жүзеге асыруға дербес жауапты болады.

17. Білім бөлімінің бірінші басшысы білім беру саласындағы уәкілетті органның келісімі бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалады және қызметтен босатылады.

18. Білім бөлімінің бірінші басшысының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалатын және қызметтен босатылатын орынбасарлары болады.

19. Білім бөлімінің бірінші басшысының өкілеттіктері:

1) Білім бөлімінің қызметін ұйымдастырады және басшылық етеді;

2) өз орынбасарларының міндеттері мен өкілеттіктерін айқындайды;

3) Білім бөлімінің қызметкерлерін заңнамада белгіленген тәртіпте қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

4) Білім бөлімінің қызметкерлеріне, ведомстволық бағынысты білім беру ұйымдарының басшыларына заңнамада белгіленген тәртіппен тәртіптік жаза қолданады, сондай-ақ көтермелеу шараларын қабылдайды;

5) ведомстволық бағынысты мемлекеттік білім беру ұйымдарының басшыларын Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте, сондай-ақ білім беру саласындағы уәкілетті органның келісімі бойынша лауазымға тағайындайды және лауазымнан босатады;

6) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі шараларды қабылдамағаны үшін дербес жауапты болады;

7) бұйрықтарға қол қояды және мемлекеттік мекемесінің қызметкерлеріне орындалуға міндетті нұсқаулықтарды береді;

8) барлық мемлекеттік органдарда және өзге ұйымдарда Білім бөлімін білдіреді;

9) Білім бөлімінің жұмыс регламентін бекітеді;

10) Білім бөлімінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға бағытталған шараларды қабылдайды және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі шараларды қабылдамағаны үшін дербес жауапты болады;

11) оның құзыретіне жататын өзге де мәселелер бойынша шешімдер қабылдайды.

Білім бөлімінің бірінші басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға жүзеге асырады.

4-тарау. Мемлекеттік органның мүлкі

20. Білім бөлімінің заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болу мүмкін.

21. Білім бөлімінің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

22. Білім бөліміне бекітілген мүлік коммуналдық меншікке жатады.

23. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, Білім бөлімінің өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5-тарау. Мемлекеттік органды қайта ұйымдастыру және тарату

24. Білім бөлімін қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Қостанай облысы әкімдігі білім
басқармасының «Арқалық
қаласының білім бөлімі»
мемлекеттік мекемесі
туралы ережеге
қосымша

**Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Арқалық қаласының
білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің қарамағындағы мемлекеттік
кәсіпорындар мен мекемелердің тізбесі**

1. Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Арқалық қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі.
2. Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Арқалық қаласы білім бөлімінің Ш. Уалиханов атындағы № 1 жалпы білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.
3. Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Арқалық қаласы білім бөлімінің № 2 жалпы білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.
4. Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Арқалық қаласы білім бөлімінің Б. Майлин атындағы № 3 жалпы білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.
5. Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Арқалық қаласы білім бөлімінің Кейкі батыр атындағы № 4 жалпы білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.
6. Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Арқалық қаласы білім бөлімінің М. Әуезов атындағы № 5 жалпы білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.
7. Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Арқалық қаласы білім бөлімінің № 8 жалпы білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.
8. Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Арқалық қаласы білім бөлімінің № 10 жалпы білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.
9. Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Арқалық қаласы білім бөлімінің А. Құнанбаев атындағы мектеп - гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.
10. Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Арқалық қаласы білім бөлімінің Ы. Алтынсарин атындағы гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

11. Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Арқалық қаласы білім бөлімінің А. Байтұрсынов атындағы бастауыш гимназиясы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

12. Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Арқалық қаласы білім бөлімінің Аңғар негізгі орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

13. Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Арқалық қаласы білім бөлімінің Ақбұлақ негізгі орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

14. Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Арқалық қаласы білім бөлімінің Т. Әубәкіров атындағы негізгі орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

15. Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Арқалық қаласы білім бөлімінің Алуа бастауыш мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

16. Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Арқалық қаласы білім бөлімінің Восточный жалпы білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

17. Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Арқалық қаласы білім бөлімінің Қайыңды негізгі орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

18. Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Арқалық қаласы білім бөлімінің Көктау негізгі орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

19. Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Арқалық қаласы білім бөлімінің Қызылжұлдыз негізгі орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

20. Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Арқалық қаласы білім бөлімінің Майкөтов атындағы негізгі орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

21. Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Арқалық қаласы білім бөлімінің А. Макаренко атындағы жалпы білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

22. Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Арқалық қаласы білім бөлімінің Родина жалпы білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

23. Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Арқалық қаласы білім бөлімінің Сарыөзен жалпы білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

24. Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Арқалық қаласы білім бөлімінің Целинный негізгі орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

25. Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Арқалық қаласы білім бөлімінің Фурманов жалпы білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

26. Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Арқалық қаласы білім бөлімінің Б. Майлин атындағы негізгі орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

27. Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Арқалық қаласы білім бөлімінің Қараторғай негізгі орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

28. Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Арқалық қаласы білім бөлімінің жалпы білім беретін мектертерінің оқушыларын еңбекке баулитын және кәсіптік бағдар беретін мектепаралық оқу – өндірістік комбинаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

29. Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Арқалық қаласы білім бөлімінің Бақытжан Байқадамов атындағы балалар музыка мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

30. Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Арқалық қаласы білім бөлімінің қосымша білім беру орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

31. Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Арқалық қаласы білім бөлімінің «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер орталығы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны.

32. Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Арқалық қаласы білім бөлімінің «Ақбота» балабақшасы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны.

33. Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Арқалық қаласы білім бөлімінің «Балдәурен» Фурманов балабақшасы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны.

34. Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Арқалық қаласы білім бөлімінің «Гүлдер» Ашутасты балабақшасы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны.

35. Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Арқалық қаласы білім бөлімінің «Алпамыс» бөбекжайы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны.

36. Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Арқалық қаласы білім бөлімінің «Раушан» бөбекжайы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны.

37. Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Арқалық қаласы білім бөлімінің «Золотой ключик» бөбекжайы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны.